

"Өкілдік шығындарға көзделген қаражатты пайдаланудың үлгілік қағидаларын және өкілдік шығындардың нормаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2018 жылғы 28 қыркүйектегі № 863 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің м.а. 2026 жылғы 9 шілдедегі № 465 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2026 жылғы 13 шілдеде № 39289 болып тіркелді

БҰЙЫРАМЫН:

1. "Өкілдік шығындарға көзделген қаражатты пайдаланудың үлгілік қағидаларын және өкілдік шығындардың нормаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2018 жылғы 28 қыркүйектегі № 863 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 17522 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Өкілдік шығындарға көзделген қаражатты пайдаланудың үлгілік қағидаларында және өкілдік шығындардың нормаларында:

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Өкілдік шығындар – бұл тиісті қаржы жылына жергілікті бюджетте көзделген және шетелдік делегацияларды қабылдауға, отырыстар, конференциялар, кеңестер, семинарлар, салтанатты және ресми іс-шаралар өткізуге пайдаланылатын қаражат.

Өкілдік шығындарға:

- 1) іс-шараларды өткізу үшін үй-жай жалдауға;
- 2) автокөліктік қызмет көрсетуге;
- 3) аудармашылардың қызметін төлеуге;
- 4) ресми түскі астарға, кешкі астарға, фуршеттерге;
- 5) кәдесыйлар, естелік сыйлықтар сатып алуға;

6) астананың, облыстың, республикалық маңызы бар қаланың әкімі рұқсат еткен өзге шығыстарға арналған шығындар жатады.";

3-тармақ алып тасталсын;

4-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Жергілікті бюджеттен өкілдік шығындарға қаражат бөлу астананың, облыстың, республикалық маңызы бар қаланың жергілікті атқарушы органының тиісті тәртібі негізінде жүзеге асырылады.";

6 және 7-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"6. Жергілікті бюджеттік бағдарламалар әкімшісі іс-шаралар өткізілгеннен кейін 10 күнтізбелік күн ішінде астананың, облыстың, республикалық маңызы бар қаланың тиісті жергілікті атқарушы органына бірінші басшының (оны ауыстыратын тұлғаның)

қолын қойдырып өкілдік шығындарға бөлінген қаражатты пайдалану туралы есепті тапсырады, ол мыналарды қамтиды:

1) іс-шараны жүргізу үшін негіздеме, осы Үлгілік қағидалардың 5-тармағының 2) және 4) тармақшаларында көзделген шығыстар сметасы мен құжаттар;

2) өткізілген іс-шараға қатысушылардың нақты санын растайтын құжат;

3) шығыстар сметасы бойынша іс жүзіндегі шығындарды растайтын құжаттардың көшірмелері (сатып алынған тауарлардың, жұмыстардың және қызметтердің құны мен көлемі көрсетілген түбіртектер, шот-фактуралар, жүкқұжаттар, орындалған жұмыстар (көрсетілген қызметтер) актілері, шарттар).

7. Астананың, облыстың, республикалық маңызы бар қаланың жергілікті атқарушы органы өкілдік шығындардың қажеттілігін осы шығындардың жүзеге асырылу қажеттілігін, негізділігін және орындылығын талдау нәтижелері негізінде жүктелген функциялар мен өкілеттіктердің орындалуын ескере отырып айқындайды.";

9-тармақтың орыс тіліндегі мәтініне өзгеріс енгізілсін, қазақ тіліндегі мәтін өзгеріссіз қалдырылсын.

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Бюджеттік процесс әдіснамасы департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық алғашқы ресми жарияланғаннан күнінен кейін оның Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын;

3) осы бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтердің Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Заң қызметі департаментіне ұсынылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының
Қаржы министрінің міндетін атқарушы*

Е. Биржанов